

« Айдабол ауылының жалпы орта білім беретін мектебі » КММ

Бастауыш сынып мұғалімі

Арайлым Онгаровна Мукушеваның

2023-2024 оқу жылындағы бір жылдың ішінде атқарған жұмыстың есебі

2023 ж

Мен, Арайлым Онгаровна Мукушева «Айдабол ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2006 оқу жылынан бастап жұмыс істеп келемін. Еңбек өтілім – 17 жыл. Педагог- сарапшы бастауыш сынып мұғалімімін.

Өз білімін жетілдіру жұмысының тақырыбы «Жаңа технологияның әдіс-тәсілдері арқылы оқушылардың белсенділігін арттыру»

Мақсатым:

- Оқушының ізденушілік, зерттеушілік қабілетін дамыту.
- Оқушылармен ынтымақтаса жұмыс жүргізу.
- Оқушыларды саналы, тәртіп пен сапалы білім алуға тәрбиелеу, бағыттау.

2023-2024 оқу жылы 2 сыныпта жылдың басында 4 оқушы болды. Төрт оқушының 1-еуі ұл , 3-еуі қыз. 4 сыныпта 2 ер бала бар. Жалпы сынып бойынша оқу үлгерімі 100 %

Сыныбымда әлеуметтік жағдай төмен оқушы жоқ. Бірақ та көп балалы отбасынан шыққан оқушы бар.

«Сабақта жаңа технологияның әдіс-тілдері арқылы оқушылардың белсенділігін».

Қазіргі таңда «Жаңа технологияның әдіс-тілдері арқылы оқушылардың белсенділігін» мәселесі бойынша жұмыс істеп келемін. Осы уақыт аралығында көз жеткізгенім, балаларды сабақ үстінде ойын түрлерін қолдану арқылы, мәселелерді дұрыс шешу жолында ізденуге; ойлау, сөйлеу; қабілетін, зейінін дамытуға тиімді сұрақ қою;фактілерге сүйене отырып жауап беру;өз сөзі мен еркін сөйлеуге;тіл дамытуға;қиын мәселелерді шешуге үйренеді;өзара ортақ тіл табыса білуге;шапшаңдыққа;тақырыпты меңгеруге көмектеседі.

«Білім негізі – бастауышта» қағидасына сай шәкірттерді бастауыш сыныптардан бастап, шәкірттерді шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, тәжірибелік-сынақтық әрекеттерге дайын болуға дағдыландыру бағытында жаңа педагогикалық технологияларды тиімді пайдалана отырып «Бастауыш пәндерін оқытуда ойын элементтерін қолдану» әдістемелік тақырыбымен жұмыс атқарудамын. Кіші жастағы оқушылар үшін оқу да, еңбек те ол –ойын. Ойын арқылы айналадағы дүниені танып білеміз.Ол оқушыларға өмірде кездесетін әртүрлі қиындықтан оңай жеңуге жол көрсетеді, сонымен қатар ұйымдастырушылық қабілетті қалыптастыратыны сөзсіз. Ойын қажеттілігі әр адамның жас ерекшелігіне қарамай,адамды балалық жағынан жетелеп отырады.Жас жеткіншектің ой-өрісі ойын арқылы дамиды, өседі.



2-3 сынып оқушыларымен сабақ барысында жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін қолдану.

Сонымен қатар тынымсыз еңбек пен шығармашылық ізденіс нәтижесінде оқушыларым жалпы сынып бойынша мектепішілік іс-шараларға түрлі аудандық, республикалық байқауларға қатысы өздерін көрсете білді. Айта кетсек 2023 жылы 26-30 қыркүйек аралығында «Дарын» РҒПО «Кенгуру» ойын-конкурсының 1,2 орын жеңімпаздары болды.



**2 «А» сынып: Тәуекел Інжу I орын, Қасым Даяна III орын, Марат Әлібек Шорын,
3 «А» сынып: Шамухан Сұлтанәлі I орын, Шамухан Ахметәлі I орын**

Бастау (математика 2-3 сынып) Республикалық олимпиадасына қатысып, 2,3 орындарға ие болды.



2 «А» сынып: Қасым Даяна I орын, Марат Әлібек I орын, Тәуекел Інжу I орын
3 «А» сынып: Шамухан Сұлтанәлі II орын, Шамухан Ахметәлі III орын

Мектепшілік кезеңде «Алтын сақа» олимпиадасына екі оқушы қатысып, 1,2 орынға иеленіп, аудандық олимпиадаға жолдама алған болатын. 2023 жылы 24 қарашада аудандық кезең «Алтын сақа» олимпиадасына қатысып, Шамухан Сұлтанәлі және Шамухан Ахметәлі грамотамен марапатталды.



Шамухан Сұлтанәлі
3 «А» сынып



Шамухан Ахметәлі
3 «А» сынып

Қараша айында Зеренді ауданында ұйымдастырылған бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Алтын тұғыр» математикалық олимпиадасына қатысып, сертификатқа ие болдым.



Мукушева Арайлым Онгаровна

Сонымен қатар 2023 жылдың 8 желтоқсан күні «Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ педагогика ғылымдарының докторы, Н.М. Стукаленконың 60 жылдығына арналған «Педагогикалық ғылымның инновациялары және қазіргі заманғы білім бері: тәжірибе және перспективалар» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына және «Қазіргі білім беру парагдимасындағы педагогика мен математикалық сауаттылық сабақтастығы» атты облыстық ғылыми-әдістемелік конференцияларға қатысқаны үшін, осы бағытта зерттеу тақырыбыммен мақалам электронды жинақта жарияланып, сертификат алдым.



Ақпанның 26-29 күндер аралығында 1-4 сынып оқушылары жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысып, жүлделі орындарға ие болды.



Марат Алибек



Тауекел Інжу



Қасым Даяна




Шамухан Ахметәлі




Шамухан Сұлтанәлі

Ақпан айының 26-сы мен наурыз айының 6-сы аралығында мектебімізде бастауыш сынып бірлестігінің «**Жаңаша оқыту – жетістік көзі**» атты апталығы өтті.

Апталық бекітілген жоспар бойынша өткізілді. Ақпанның 26-сы мен наурыздың 6-сы 1-4 сыныптарда ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар өткізілді. Наурыздың 4-і күні 2-3«А» сыныптарында математика пәнінен ойын-сабақ форматында «Математикалық детектив» атты сабақтан тыс ашық сабақ өткіздім. Балаларды жұппен де топпен де жұмыс жасатуға тапсырмалар әзірледім. Балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында кабинет ішіндегі тақта панельден wordwall бағдарлама арқылы «Миға шабуыл» әдісі арқылы тапсырмалар да ұйымдастырдым. Сонымен қатар сабақта «Қол шам», «Пазл», «Табан іздері» сияқты әдістер тапсырмаларды орындаған кезде балалар үшін өте қызықты болды. Сабақ соңында «Білім шамы» әдісі арқылы кері байланыс болды.



Сәуір айының 25-30 күндер аралығында 2-4 сынып оқушылары қазақ тілі пәнінен «Кенгуру» ойын-конкурсына қатысып, дәрежелі орындарға ие болды.



2 «а» сынып оқушысы Марат Әлібек

2 «а» сынып оқушысы Қасым Даяна



3 «А» сынып оқушысы Шамухан А

3 «А» сынып оқушысы Шамухан С

2-3 «А» сыныптарының білім сапасының көрсеткіштері

